



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 30 шілде

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын Clearstream жүйесінде есептелетін бағалы қағаздар тізіміне қосу туралы

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын Clearstream халықаралық есеп айырысу жүйесінде есептелетін бағалы қағаздар тізіміне қосу жобасының табысты іске асырылғаны туралы хабарлайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаментінің директоры Әлия Молдабекова Қазақстанның нарығына арналған жаңа халықаралық желінің осыған дейін жария етілген жоспарларға сәйкес 2018 жылғы 30 шілдеде іске қосылатынын хабарлады. Жобаны аяқтау халықаралық қаржы нарықтарымен ықпалдасуды тереңдетуге мүмкіндік береді және қосымша портфельдік инвестициялардың ағынын қамтамасыз етеді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша Clearstream жүйесі арқылы есеп айырысуларды жүзеге асыру мүмкіндігі халықаралық инвесторлардың Қазақстанның қор нарығына қолжетімділігін айтарлықтай жеңілдетуді білдіреді. Жобаны іске асыру Қазақстандағы қаржы нарығын дамытудағы жаңа кезең болып табылады», - деді Ә. Молдабекова.

Өз кезегінде, Clearstream Banking S.A қоса директоры Ф. Браун Қазақстанмен жаңа арнаның Clearstream үшін маңызды кезең екендігін атап өтті, себебі ол ТМД және Кавказ елдерінде ауқымды клиенттердің эмитенттерге қолжетімділігіне қатысты стратегиялық мақсатқа жауап береді.

Анықтама үшін. Clearstream – штаб-пәтері Люксембургте орналасқан, Deutsche Börse Group тобына кіретін бағалы қағаздардың халықаралық орталық депозитарийі.

Clearstream Қазақстандағы қолжетімділік арнасын ашатын бағалы қағаздардың алғашқы халықаралық депозитарийі болып табылады. «Ситибанк Қазақстан» АҚ ақша қаражатымен операциялар бойынша кастодиан банк және корреспондент банк болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz